

Қорғалжын ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 мамырда № 8479 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қорғалжын ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қорғалжын ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қорғалжын ауданы әкімі

Б.Жанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

*Қорғалжын аудандық сайлау
комиссиясының төрағасы*

Қ.А.Тюлеубаев

Қорғалжын ауданы әкімінің
2021 жылғы "6" мамырдағы
№ 3 шешіміне қосымша

Қорғалжын ауданы әкімінің күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Қорғалжын ауданы әкімінің "Қорғалжын ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6916 болып тіркелген) шешімі.

2. Қорғалжын ауданы әкімінің "Қорғалжын ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" Қорғалжын ауданы әкімінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 7 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2020 жылғы 16 наурыздағы № 3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7734 болып тіркелген) шешімі.

3. Қорғалжын ауданы әкімінің "Қорғалжын ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" Қорғалжын ауданы әкімінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 3 қарашадағы № 5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8140 болып тіркелген) шешімі.